

№ 2 әдістемелік кеңестің хаттамасы

14.11.2024

Қатысқаны: 31

Тақырыбы: «Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар»

Күн тәртібінде:

1. «Пәндік – дамытушы ортаны жабдықтау жоспарларымен таныстыру» (тәрбиешілер);
2. «Әдістемелік нұсқау хатқа сәйкес заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар» (әдіскер И.А.Джанадилова);
3. «Топты безендіру: тәрбиешілер үшін тәжірибелік кеңестер» (әдіскер И.А.Джанадилова);
4. «ECERS-3 – мектепке дейінгі ұйымдардағы білім беру сапасын жүйелі түрде бағалауға арналған шкала» (әдіскер И.А.Джанадилова).

ЖИНАЛЫС БАРЫСЫ:

1. Бірінші сұрақ бойынша тәрбиешілер топтағы пәндік-дамытушы ортаны жабдықтау жоспарларымен таныстырды.
2. Екінші сұрақ бойынша әдіскер И.А.Джанадилова әдістемелік нұсқау хатқа сәйкес заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар туралы айтты:

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтар мен басқа да жарактарды пайдалану.

Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады.

Дамытушы орта балалар мен ересектердің қарым-қатынасы мен бірлескен әрекетін, балалардың қимыл белсенділігін, сондай-ақ олардың онаша болуына мүмкіндікті қамтамасыз етуі керек.

Дамытушы орта мыналарды:

- Үлгілік бағдарламаның міндеттерін іске асыруды;
- инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда — оған қажетті жағдайлар жасауды;
- білім беру әрекеті жүзеге асырылатын ұлттық-мәдени, климаттық жағдайларды ескеруді;
- балалардың жас ерекшеліктерін ескеруді қамтамасыз етуі тиіс.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар:

- қауіпсіз;
- қолжетімді;
- әртүрлі;
- мазмұнды;
- көп атқарымды;
- өзгермелі;

- тартымды.

Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптар:

1) ерте жас тобында және кіші топта:

танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар.

2) ортаңғы топта:

дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындармен толықтыру, қол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер.

3) ересек және мектепалды даярлық топтарында (сыныптарында):

дамытушы модульдер, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар, сауат ашу, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сөздер, кестелер, үлкен шрифті бар кітаптар, боямақтар, сандары бар оқулықтар, сандары мен әріптері бар үстел үсті ойындары, ребустар, оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, ғаламшардың жануарлары мен өсімдіктер әлемі, әртүрлі елдердің адамдарының өмірі туралы иллюстрацияланған басылымдар, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карточкалар.

Сонымен қатар, көптеген импровизациялауға ыңғайлы материалдардың болуы маңызды (арқан, қорап, сым, дөңгелектер, ленталар және т.б.). Олар ойын барысында балалардың әртүрлі креативті идеяларын іске асыруда, шығармашылық шешім қабылдауында қолданылатын болады.

Сондай-ақ, балаларға ойын барысында бастама танытуға, өз қызығушылықтарына сәйкес әрекеттерді таңдауға мүмкіндік беру үшін педагогтерге дамытушы ортаны жеткілікті және әртүрлі материалдармен байыту ұсынылады.

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарында заттық-кеңістіктік ортаны ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес зоналар бойынша жарақтандыру ұсынылады.

3. Үшінші сұрақ бойынша әдіскер И.А.Джанадилова топты безендіру: тәрбиешілер үшін тәжірибелік кеңестер туралы айтты:

Балабақшадағы табиғат бұрышын безендірген кезде қандай өсімдіктерді қолдануға болатынын және бұл кезде балалардың аллергиясының болдырмауды барлық меңгерушілер біле бермейді. Мақалада – түрлі жас ерекшелігіндегі балалар үшін тақырыптық бұрыштарды безендіру ерекшеліктері.

Баланың үйлесіммен дамуы үшін балабақшадағы топты безендірудің маңызы зор. Безендіруге заманауи дизайнды, интерьер үшін тың идеяларды, эстетикалық безендірілген стендтерді, тақырыптық бұрыштарды, аумақтарды және т.с.с. жатқызамыз.

Балалардың жасы мен даму ерекшеліктеріне қарай бейімделе отырып, топтың безендірілуі қажет болған жағдайда барлық декоративтік элементтерді (декорациялар, дизайн заттары, стендтер) орналастыру немесе ауыстыру оңай болуы үшін барынша мобильді болуы тиіс.

Топты безендіру бойынша кеңестер

Кіші топтағы балалар үшін бірінші дәрежедегі маңыздылыққа безендірудегі қауіпсіздік ие.

Себебі, осы жаста балалар белсенді қимылды қажетсінеді, алайда оларда үйлесім әлі жеткілікті жетілмеген, заттар үшін бөлме ауданының 3/2 бөлігін пайдаланған дұрыс. 3-4 жастағы балалар үшін сенсорлық даму белсенді болып табылады, сондықтан заттар танытуда және түсінуде қарапайым болып, түсі, фактурасы, материалы жағынан ерекшеленуі тиіс. Ойынның жақсы дамытпалы болуына құммен, сазбен ойындар, сондай-ақ сурет салу (бұл үшін балауыз борлармен және саусақпен бояулар техникасы дұрыс) дұрыс болады.

Орта топтағы балалар рөлдік-сюжетті ойындарды жақсы көреді. Оларда, кіші мектеп жасына дейінгі балаларға қарағанда, көп дәрежеде қиялдары дамиды, ол түрлі ойын ойларын жүзеге асыруға көмектеседі. Сондықтан, орта топты безендірген кезде ойындағы сюжеттің дамуына ықпал ететін белгілердің (аурухана, сұлулық салоны, мейрамхана және т. с. с.)

басымдығын ескеру қажет. Әртүрлі көлемдегі және түрдегі қуыршақтар, сондай-ақ жануарлар түріндегі ойыншықтар осыған көмектеседі.

Бұл жаста танымдық белсенділікті дамыту жайлы да ұмытпау керек, сондықтан түрлі материалдармен (құм, ағаш, саз, су) танысудан бөлек, олармен шағын сараптамаларды да жүргізіп көру керек. Топты көп бояулы суреттері бар көп кітаптармен немесе техникалық құралдармен қамтамасыз ету сөйлеудің дамуына ықпал етеді.

Балалардың өсуіне қарай топты безендіру қиындай түседі. *Жоғарғы мектеп жасына дейінгі балалар үшін* ұсақ-түйектердің көп көлемін қолдану қажет. Рөлдік-сюжеттік ойындар үшін қосымша материалды (киім-кешектің көп ұсақ-түйектерін, заттарын) қосуға болады. Бұл көркем өнер іс-әрекетіне де қатысты (фломастерлердің, қарындаштардың, бояулардың түстерінің сан алуандығы). Кітап бұрышында көркем әдебиеттен басқа, ақпараттық материалдар, энциклопедиялар болуы мүмкін.

Безендіру үшін сәйкес келетін құралдарды қолдану өте маңызды. Сіз ақпаратты неғұрлым көрнекті етіп таныстарсаңыз, соғұрлым дұрыс болады. Сондықтан қанық түсті палитраны қолданыңыз, назар аудармай қалу мүмкін емес ерекше композицияларды таңдап алыңыз. Мысалы, хабарландырудың тақырыбын безендірген кезде ірі шрифтіні, аралас түс үйлесімділіктерін пайдалану керек. Мәтінді тақырыптық суреттермен сүйемелдеген дұрыс. Бұл балалардың назарын аударудың, ұсақ-түйекке ынталандырудың керемет тәсілі. Стендті қыруар қаржы жұмсамай-ақ, өз қолымен жасауға әбден болады. Ең жақсы материал фанера, қатырма қағаз және қағаз жабысатын басқа да берік материалдар болады.

Бұл үшін:

Сәйкес келетін фонды таңдап алу қажет. Ол болатын үй-жайдың түстік шешімдерімен үйлесімін табатын фон жақсы көрінеді.

Тақырыбы үшін әріптерді кесіп алу. Ол үшін түрлі-түсті қатырма қағаз дұрыс келеді. Көп бояулы суреттерді, картиналарды, мүмкін балалардың жұмыстарын таңдап алу қажет. Креативтілік пен даралықты ерекше түрлі-түсті түймелер, жылтырақтар, мата киықтары, декоративтік гүлдер, жапырақтар және т. с. с. береді.

Стандарттық емес стендті жасау үшін қиял мен шығармашылық қабілеттілікті пайдалану қажет.

Маған сеніңіз, оны балалар да, ата-аналар да міндетті түрде бағалайды!

Бірнеше тақырыптық аумақтар да бар: оқу бұрышы, шығармашылықпен айналысу, музыка, дамыту, экологиялық, ойын бұрыштары. Бірақ топта қолайлы атмосфераны жасау үшін тәрбиешіге құрылатын аумақ қаншалықты өзекті және пайдалы болатынын (балалардың жас ерекшелігін, олардың әуестіктерін, жыл мезгілдерін және т. с. с.) ойластыру қажет.

Түрлі тақырыптық аумақтарды ойластырып, безендіру қажет, көп дәрежеде бұл МДҰ жағдайына және тәрбеленушілердің жасына байланысты болады.

Балаларды дамыту және тәрбиелеу үшін ең маңыздылардың ішіндегі бірі болып табылатын табиғат бұрышы мен шығармашылық бұрышты безендіруде өз нұсқамды ұсынамын.

Табиғат бұрышын безендіру

Табиғат бұрышы – топтағы бөлменің дамытпалы аумақтарының ішіндегі бірі.

Балабақшаның әрбір тобында өзінің табиғат бұрышы бар. Мұнда объектілерді таңдау және орналастыру санитарлық нормалар мен ережелерді басшылыққа ала отырып, балалардың жасына сәйкес жүргізіледі:

Бұл аймақта орналастырылатын өсімдіктер қауіпсіз болуы тиіс.

Табиғат бұрышында улы және тікенекті өсімдіктерді өсіруге болмайды.

Өсімдіктерге күн сайын міндетті түрде күтім жасау керек.

Кіші топта бөлме өсімдіктерінің ішінен күй талғамайтын өсімдіктердің төрт-бес түрі ұсынылады. Бұл өсімдіктер әдемі және қанық гүл ашады, анық көрінетін сабағы, жапырақтары мен гүлдері бар. Бұл фикус, бальзамин, колеус, герань, раушан гүлі және өзге өсімдіктер. Олардың әрқайсының паспорты бар, ол балаларға қонымды айтып беруге мүмкіндік береді. Балалар өсімдіктерді күтіп қарап үйренеді: оларды суарады, копсытады, жапырақтарын сүртеді.

Балабақша тобындағы бөлме өсімдіктері тек интерьердің элементтері ғана емес, ауаны тазартқыштар, сонымен қатар балалардың қоршаған әлеммен танысуы, жасыл ортаны

бақылап, күтіп қарауы үшін жақсы мүмкіндік болып табылады. Бұл балаларды мейірімділік және жауапкершілік сезіміне тәрбиелейді.

Біздің жасыл бұрышқа Алия деген қуыршақты «орналастырдық», ол балаларға табиғат күнтізбесімен жұмыс істеуге (ауа райын, жауын-шашындарды және т. с. с. анықтауға) көмектеседі. Күнтізбеде ауа райын белгілеу арқылы балалар табиғатты бақылау барысында алынған білімдерін нығайта түседі. Айта кететін нәрсе, Алияның қуыршағы топтың ажырамас бөлігі болып табылады. Ол таң ата салысымен балаларды қабылдау бөлмесінде қарсы алып, кім өз киімін әдемілеп және ұқыпты бүктеп қойғанын бақылап тұрады. Ол кез келген бұрышта пайда болуы мүмкін және балалар күн сайын қуыршақ қайда тығылып қалғанын және ол жақта не қызықты көріп отырғанын тағатсыздана іздейді. Біз оның көмегімен білімдік, сол сияқты тәрбиелік мақсаттарды көздей аламыз. Мысалы, егер Алия жасыл бұрышта пайда болса, демек ол бүгін гүлдер және оларға күтім жасау туралы қызық нәрсе айтып береді. Ал егер қуыршақ кенет жуынатын бөлмеде болып қалса, ол балаларға дереу қолды дұрыс жууды және сүлгіні іліп қоюды үйретеді. Алия қуыршағы балаларды ынталандырып, күн сайын олардың алдына балалар керемет орындап шығатын проблемаларды қойып отырады. Табиғат бұрышы жыл мезгілдерімен бірге өзгеріп отырады: күзде онда күздік орамдар мен түрлі материалдардан жасалған заттар пайда болады. Ал қыста – көк пияз бен ағаш бұтақтары отырзылған жәшіктер тұрады.

Жасыл бұрышта сондай-ақ жеміс-жидектердің нақ пішіндері, жануарлардың, құстардың, жәндіктердің және т. с. с. суретімен картиналар жиынтығы бар. Балаларды дидактикалық ойындар мен табиғи «Кім не жейді?», «Кімнің үйі?», «Кімнің баласы?» және басқа да мазмұндағы планшеттер қатты қызықтырады.

Ата-аналармен бірлесіп балаларға еңбек үшін жабдықтарды: алжапқыштарды, су құйғыштарды, күректерді, қопсытуға арналған таяқтарды, шүберектерді, қалақтарды, сыпырғыларды және т. с. с. дайындауға болады.

Бұл сараптамаға арналған жабдықтарға: қалыптарға, құйғыштарға, күректерге, сүзгілерге, тамызғыштарға, табиғи және жарамсыз материалға да қатысты.

Шығармашылық бұрышын қалай безендіруге болады

Мектеп жасына дейінгі балалар сурет салғанды өте ұнатады, сондықтан, бос уақытында олар үшін сиқырлы бұрышқа – шығармашылық бұрышына қарай жүгіреді. Көбісіне дайын картиналарды бояған ұнайды (мысалы, белгілі бір тақырыпқа: қыздарға – ханшайымдарды, ұлдарға – көліктерді, ұшақтарды және т.с.с.), ал кейбіреушірі қағаздың таза парағын қолдану арқылы өз жауһарын жасайды. Осы дамытпалы аумақ балаларға өз әлеуетін ашуға, қоршаған әлемнің сұлулығы туралы түсінігін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Шығармашылық бұрышын балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, жақсы жарықтандырылған жерде жабдықтау қажет. Шығармашылықпен айналысуға арналған барлық материалдар эстетикалық болып, балаларын осы жерде өздерін «иесі» ретінде сезінуі үшін оларға еркін қолжетімді жерде болуы тиіс.

Аумақты жарықтандыруды қайта-қайта ауыстырып, толықтырып тұру қажет: шығармашылық үшін жаңа материал қосылып, көрсетілетін жұмыстар жаңартылады және т. с. с. Сонымен қатар, шығармашылық бұрышында онашада қалып, сурет салумен, жапсырумен, картиналарды бояумен айналысуға сондай-ақ ұжыммен жиналып, дидактикалық ойындар ойнауға немесе жай картиналарды қарап шығуға және өзінің керемет тарихын ойлап табуға болады.

Бұл жер өзінде қандай сиқырлы заттарды ұстап отыр десеңші! Түрлі текстурадағы қағаздар, түрлі түсті қарындаштар, балауыздан жасалған борлар, фломастерлер, гуашь пен акварель бояулары, түрлі жуандықтағы қылқаламдар, бояулар, клеенкалар, төгілмейтін стакандар, желім, әртүрлі тақырыптағы суреттер, жануарлар мен өсімдіктердің суреті салынған трафареттер, жапсыруға арналған материалдар және басқасы.

Осы керемет бұрышта Алия қуыршағы жиі болып тұрады, ол балаларды шабыттандырып, олар оған өнер туралы көптеген қызықты нәрселерді айтып береді. Ал ол оның орнына сыйлықтарды қалдырып кетеді немесе қызықты мультфильмдерді әкеп береді.

Балаларға шығармашылық бастамаларын білдіруі үшін барынша өз бетінше қалдырып, оларға еркін физикалық және психологиялық кеңістікті беру қажет (егер оларға ол керек болса).

- ✓ Белсенді қимылды ойнайтын ойыншықтар (секіру, жүгіру) мен құралдарды баланың тыныш ойнайтын ойындарынан бөлектеу, алысырақ жерге қою керек. Бала құлаған жағдайда олардың қасында міндетті түрде жеткілікті түрде төсеніштер немесе кілемше болу қажет.
- ✓ орындықтардың барлығы баланың аяғы жететіндей болу керек;
- ✓ барлық ойыншықтар балаға қолжетімді болу керек, баланың қолы жетпейтін жерде, биікте болмау керек;
- ✓ бала топтағы ойыншықтармен міндетті түрде ойнау керек;
- ✓ педагог ҰОҚ-нің тақырыбына байланысты күні бойы баладан сұрап отыру керек, баламен жеке жұмыс болу керек;
- ✓ даладағы құрал-жабдықтардың қасында төсеніштер жоқ;
- ✓ 7 түрлі дағдыны қалыптастыру үшін құралдар болу керек, мысалы доп болса, лақтыру, қағып алу дағдысы бар, горька болса, жоғары, төмен түсу дағдысы, велосипед болса 2 дағды бар деген сөз. Бұлар ірі моториканы дамытатын құралдар.

Балаға қарау және күтім жасау шкаласы бойынша.

Дәретханада қағаз балаға қолжетімді жерде емес, балаға қол жуу үлгісі жоқ, тәрбиеші қастарында жүрмейді. Тәрбиеші баламен бірге жуып көрсету керек. Жууға, тазалауға арналған құралдар балаға қолжетімді жерде орналасқан, сондықтан баланың өмірі мен денсаулығына нұқсан келтіреді. Балалардың тамақтануында қателіктер бар, бала жиналғанша баланың бәрі күтіп отырады немесе бала тамақтанып болса бәрі күтіп отырады, ол дұрыс емес. Баланы күттіріп қоюға болмайды, ол кезде бала өз бетінше ойнай тұруына немесе кітап қарай тұруға болады. Ас қайыру бәріне бірдей қажеттілігі жоқ. «Принцип последовательности, принцип постепенности» болу керек. Баланың жас ерекшелігіне сәйкес келмейді. Батаның сөзі де баланың жас ерекшелігіне сәйкес болу керек.

- ✓ «ойын алаңы» деп жазуға болмайды, өйткені топта бәрі ойынға жатады;

Сөйлеу және сауаттылық шкаласы бойынша.

Педагог баламен үнемі сөйлесіп отыру керек, үнемі диалог құрып, қарым-қатынаста болу қажет. Сипаттауды қолданып, баланың сөздік қорына жаңа сөз қосып отыру керек. Мысалы, «әдемі» деген сөзді әсем, сұлу деген сөздермен алмастыру. Педагогтер ҰОҚ-нде, серуен кезінде жаңа сөздерді қолданса, міндетті түрде жаңа сөздің мағынасын міндетті түрде түсіндіру керек. Әр топта 1 балаға кем дегенде 2 кітаптан болу керек, қолжетімді болу қажет. Кілемше, диван болған жақсы. Кітап орталығында белсенді ойын орталығынан бөлек болу қажет, жыртылған, ескі кітаптарды жөндеу қажет.

Баспа мәтінмен/сөзбен танысу. Тактаның жанындағы сандар тұрса, сол санға сәйкес сурет болу қажет. Тәрбиеші ҰОҚ-нде бір баланы сұрап, екінші баланың бетін қақпау керек, баланың айтқанын аяғына дейін тыңдау керек. Әр контейнерде ішіндегі зат туралы жазылу керек. Құралдармен ойнап болғаннан кейін баланы орнына қоюды үйрету керек. Топты безендіру кезінде стендтер жоғарыда тұрады, олар баланың бойында болу керек. Топта музыкалық фон болу керек, мысалы шығармашылықпен айналысып отырғанда. Бір музыка ҰОҚ-нде 5 түрлі музыкалық аспап қолданылу керек. Бір іс-әрекеттен екінші іс-әрекетке көшкерде 10 минуттан аспаса, болады, 10 минуттан асса баланы күттіруге болмайды. Балаға үнемі түсіндіріп отыру керек, не үшін тыйым салып жатқаныңызды, әрбір іс-әрекетті түсіндіріп, баламен түсіністік қарым-қатынас орнату қажет.

Және керісінше, бала өзіне көңіл бөлінгенін қаласа, дереу оған көмекке келіп, оны жалықтырмайтын сюжеттерді айтып беріп, бала не туралы айтуды және ойлауды жақсы көретін нәрселердің барлығы туралы сурет салуды ұсыну керек. Мектеп жасына дейінгі балалардың сабақтары ойдағыдай болуы үшін педагог әр балаға өз күшіне сенуіне көмек беруі тиіс емес пе!

4. Төртінші сұрақ бойынша әдіскер И.А.Джаналилова «ECERS-3 – мектепке дейінгі ұйымдардағы білім беру сапасын жүйелі түрде бағалауға арналған шкала» (әдіскер И.А.Джаналилова).

Әлемдегі 25-тен астам елде қолданылатын халықаралық шкала. 1-7 балл аралығында бағаланады. Ең төмен шкала – 3 деңгей, ең жоғарғы балл – 7 балл. 6 шкала бойынша бағаланады, 468 индикаторы бар: пәндік-дамытушы орта, баланы қарау, сөйлеу және сауаттылық, белсенділік түрлері, өзара байланыс, бағдарламаны құру. Педагогтер үш деңгейде оқытылады: өзін-өзі бағалау; зерттеуші; эксперт.

Критерийлер мен индикаторлар-сапаны бағалау құралының негізі болып табылады. 2022-2023 оқу жылдары апробациядан өткізіліп, 2025 жылға қарай сапаны бағалаудың мектепке дейінгі тәрбиелеудің болып табылады.

Ойынды қалай ұйымдастыру керек?

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту моделінде - білім беру процесін ойын арқылы өткізу туралы айтылды. Әр балаға еркіндік, зерттеуге, ұстауға мүмкіндік беру керек, бала жалықпайтындай болу керек. Ойын баланың жас ерекшелігіне сәйкес келу керек, үнемі және жиі өткізіп отыру керек. Ұлттық ойындардың ішінде «Қыз қуу» ойыны бозбала мен бойжеткенге арналған, бірақ мектепке дейінгі жастағы балаға келмейді. Педагог көбіне өзі түсіндіріп, балаға ойынның шартын өздері түсіндіріп, көп бөлігін кетіріп алады. Ойында балалардың бәрін толық қамту керек. Ертенгіліктердің қойылымдары, ойындары баланың жас ерекшелігіне сәйкес келу керек, жауыздыққа тәрбиелейтін нәрсе болмау керек, әрбір сценарийді әдіскерге тексерту керек.

Баланы қадағалау шкаласы бойынша. Сабын мен қағаз балаға қолжетімді түрде болу керек. Терезелерде қорғаныш болу керек, диахлор баланың қолы жететін жерде тұрмау керек. Ойын алаңында егер горка болса, жеңіл төсеніштер болуы шарт, бала құлаған жағдайда, айналасына жаю керек. Серуен кезінде тәрбиеші көмекшісі болу керек міндетті түрде, өйткені баланы толық игеру керек.

Сөйлеу және сауаттылық шкаласы бойынша. Көбіне педагогтер сөйлейді, балалар қысқа ғана жауап береді, өздерінің жаттанды сөздерін айтады, аз сөздік қорымен шектеледі. Тәрбиеші баланы әрі қарай сөйлетуге талаптыңдырмайды, мысалы қол жуу, киіну кезінде балалармен қысқа тапқартарды айтқызу керек.

Пәндік-дамытушы орта шкаласы бойынша. Ойыншықтар балаға қолжетімсіз жерде орналасқан, бала ол ойыншықтармен ойнамайды, ҰОҚ-і кезінде де балалар көбіне орындықтарда отырады. Балаға орыннан тұруға, топтың ішінде еркін жүріп-тұруға, жүруге, ойыншықты алуға рұқсат етілмейді. Топтарда кітап аз, педагог балаға кітап оқымайды, кітаптарды қолданбайды.

Белсенділік түрі шкаласы бойынша. Көптеген материалдар мен құралдар балаға қолжетімді емес. Баламен тәрбиеші арасында қарым-қатынас аз, педагог балаға «Қалай ойлайсың?», «Неге олай деп ойлайсың?» деген сұрақтар аз қойылады. Педагогтің жеке баламен жұмысы өте аз. Серуен кезінде де бала ойнап жатқан кезде педагог диалогты жүргізуге тырыспайды.

Заттық -кеңістік орта шкаласы бойынша.

1. Ғимараттың ішкі жайы
2. Күнделікті күтім, ойындар мен жаттығуларға арналған жиһаз
3. Ойындар мен жаттығуларға арналған кеңістікті ұйымдастыру
4. Оңаша қалуға арналған орындар
5. Балаларға арналған кеңістікті көрнекі безендіру
6. Ірі моториканы дамытатын ойындарға арналған кеңістік
7. Ірі моториканы дамытуға арналған жабдық

✓ *Топта ойыншық өте аз, балаға толық ойнауға мүмкіндік жоқ, шкала бойынша жеткіліксіз.*

Шешімі:

1. Топтарда пәнді –дамытушы ортаны жабдықтау талапқа сай жүргізілсін;
2. Топтарда пәндік–дамытушы ортаны жабдықтау жұмысын жүргізу жауапкершілігі тәрбиешілерге міндеттелсін және белгіленген мерзімге дейін жүзеге асырылсын;
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес міндеттерді жүзеге асыру жауапкершілігі барлық педагогтерге міндеттелсін.

Төрайымы:

Хатшы:



И.А. Джанадилова

А.Нуридин

Әдістемелік кеңес

